

## **Вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорын жұмыскерлерінің шығу (кіру) алгоритмі**

### **1. Жалпы ережелер**

Вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорын жұмыскерлерінің шығу (кіру) алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорындарға қолданылады және жұмыскерлердің кәсіпорын аумағына кіру және одан шығу, өндірістік қажеттілік болған жағдайда жұмыскерлердің елді мекендер мен қалалар арасында қозғалысын, COVID-19 белгілері анықталған жағдайда жұмыскерлерді оқшаулау және басқа да әрекеттерді орындау тәртібін реттейді. Кәсіпорын басшылары алгоритмнің сақталуын қамтамасыз етеді.

Адамдардың жекелеген санаттарының кіруіне және шығуына рұқсатты «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Бас санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 09 сәуірдегі № 32 қаулысының (бұдан әрі – Қаулы) II бөлімі 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар береді.

Алгоритмде көзделмеген кәсіпорындарда COVID-19-дың таралуын болдырмау бойынша қосымша шаралар жұмыс берушінің қалауы бойынша айқындалады.

### **2. Вахталық кенттен шығу тәртібі**

Кәсіпорын басшылары ЖСН (резидент еместерді қоспағанда), нақты тұратын мекенжайын, байланыс деректерін (мобильді телефон нөмірі) және жұмыскер тіркелген медициналық ұйымды көрсете отырып, вахтадан шығуға тиісті вахта жұмыскерлерінің тізімін жасайды.

Вахта жұмыскерлері бойынша жоғарыда көрсетілген қандай да бір ақпараттың болмауы жедел шабтардың (бұдан әрі – ЖШ) көрсетілген тізімдерді жұмысқа қабылдамауы үшін негіз болып табылмайды.

Кәсіпорын басшысы тізімге сәйкес барлық вахта жұмыскерлерінен келген жері бойынша 14 күнге үйде өзін-өзі оқшаулау режимін жұмыскерлердің міндетті түрде орындауы туралы қол қойылған қолхатты жинайды. Кәсіпорынның тиісті объектісінде ауру жұқтырудың тіркелген жағдайлары болмаса, үйде өзін-өзі оқшаулау режимі қолданылмайды.

Вахтадан шыққанға дейін 5 күнтізбелік күн бұрын тізімдер, сауалнамалар мен қолхаттар аумағында Кәсіпорын орналасқан облыстық ЖШ-ның электрондық мекенжайына ұсынылады.

Кәсіпорынның орналасқан жеріндегі ЖШ вахта жұмыскерлерінің келген жері бойынша облыстық ЖШ-ға жұмысшылардың тізімдерін, сауалнамаларын және қолхаттарын жібереді.

Вахта жұмыскерлерінің келген жеріндегі ЖШ жұмыскерлердің тізімін, сауалнамасын және қолхаттарын Қаулыға 9-қосымшаға сәйкес келген адамдардың денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу, үйде оқшаулау қағидаларының сақталуын және үйде өзін-өзі оқшаулаудың сақталуын бақылау үшін Денсаулық сақтау басқармасына, Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментіне және Полиция департаментіне жібереді.

COVID-19 бойынша іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлері Қаулыға 2-қосымшаға сәйкес коронавирустық инфекция (COVID-19) кезінде жеке қорғаныш құралдарын пайдалану алгоритміне сәйкес жеке қорғаныш құралдарын қолдануы тиіс.

COVID-19-дың таралуының алдын алу мақсатында профилактикалық дезинфекциялық іс-шаралар Қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Кәсіпорын басшысы өз есебінен күн сайын вахтада күнтізбелік 14 күннен кем болған, вахтада кіру кезінде тестілеуден өтпеген және (немесе) бақылау тексеруі кезінде оларда COVID-19-ды жоққа шығармайтын симптомдар анықталған жұмыскерлерге вахталық кенттен шыққан сәтке дейін соңғы 5 күн ішінде бақылау тексеруді (тексеру, температураны өлшеу), сондай-ақ вахтадан шыққанға дейін бес күн бұрын COVID-19-ға зертханалық тексеруді жүргізеді. Жедел тестілеудің нәтижесі оң болған жағдайда Кәсіпорын жұмыскеріне қайтадан жедел тестілеу тағайындалады.

Жедел тестілеудің оң нәтижесі болған кезде COVID-19-ды жұқтыру белгілері бар адамдар жедел медициналық жәрдем келгенге дейін Кәсіпорын жанындағы изоляторға жіберіледі.

Жұмыскерде COVID-19 симптомдарын жоққа шығармайтын клиникалық белгілер болған жағдайда Кәсіпорын басшысы жедел медициналық жәрдем келгенге дейін жұмыскерді Кәсіпорын жанындағы изоляторға орналастыра отырып, оның вахталық кенттен шығуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдайды және бұл туралы жақын маңдағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) мекемесіне және АД-ға хабарлайды.

Кәсіпорын жедел медициналық жәрдемнің шұғыл келуі мүмкін болмайтындай МСАК-тан алыс болса, жұмыс беруші COVID-19 жұқтыру белгілері бар жұмыскерді жақын МСАК-қа дейін осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген талаптарды сақтай отырып тасымалдауды жүзеге асырады.

COVID-19 жұқтыру тәуекелі жоғары адамдар үшін карантин түрін тағайындау және байланыста болған адамдарды тасымалдау Қаулыға 5-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Мән-жайлары мен себептері анықталғанға дейін Кәсіпорын осы қаулымен бекітілген эпидемияға қарсы талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорында COVID-19 науқастары анықталған жағдайда Кәсіпорынның немесе жекелеген учаскелерінің одан арғы жұмыс режимі бойынша шешім Кәсіпорынның уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ЖШ-да қаралады.

Кәсіпорынның одан арғы жұмыс режимі бойынша шектеу шараларын алу туралы шешімді тиісті аумақтағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер қабылдайды.

Еңбек заңнамасына сәйкес жұмыскерлер вахтасы кезеңінің ұзақтығы жұмыс берушінің шешімі бойынша жұмыс берушінің еңбекке ақы төлеуді тиісті реттеуі арқылы ұзартылуы мүмкін.

Шығатын күннің алдындағы соңғы күні жұмыс беруші шығатын жұмыскерлерді Кәсіпорын орналасқан жердегі МСАК немесе Кәсіпорынға медициналық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсететін ұйымның медициналық пунктінің, Кәсіпорынның денсаулық сақтау пунктінің медицина қызметкерлерінің күшімен медициналық тексеруді ұйымдастырады, олар әрбір шығатын жұмыскерге тексеру нәтижелері бойынша COVID-19 белгілерінің жоқтығы туралы анықтама береді.

Кәсіпорын басшылары шығатын жұмыскерлерді вахталық кенттен өз есебінен әуежайға (вокзалға) не нақты тұрғылықты жерлеріне дейін орталықтандырылған жеткізуді ұйымдастырады.

Тасымалдаушы көлік құралының салонына дезинфекция жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жұмыскерлер санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған кезде қызметтік көлікпен жеткізіледі, көлік жолаушылар арасында кемінде 1 метр қашықтық қамтамасыз етілетіндей етіп толтырылады. Көліктегі жолаушылар маска киюі тиіс.

Жұмысшыларды жеткізу қамтамасыз етілетін көлік құралы дезинфекциялануы тиіс. Дезинфекцияны мамандандырылған ұйымдар не жұмыскерлердің күшімен жүргізеді.

Бұл ретте жолаушыларды отырғызу алдында және түсіргеннен кейін міндетті түрде дезинфекция жүргізу керек.

Кәсіпорынның бақылау-өткізу пунктінде күзет жұмыскері вахтадан шығатын адамдарда COVID-19 белгілерінің жоқтығы туралы медициналық анықтаманың болуын тексереді.

Кәсіпорында карантин жарияланған жағдайда вахтаның барлық персоналы вахталық кенттің аумағында тұруы тиіс. Персоналдың кетуі, шығуы (кіруі, келуі) шектеледі.

Өндірістік қажеттілік туындаған жағдайда жұмыскердің Кәсіпорын аумағында қозғалысына рұқсат етіледі.

Вахталық кенттердегі тамақтану объектілерінде қаулының 15-қосымшасына сәйкес Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы және сауда объектілеріндегі санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау алгоритмі сақталуы қажет.

Жұмыскерлер, отбасы және үй шаруашылығы мүшелері вахтадан келген сәттен бастап:

- үйде өзін-өзі оқшаулаудағы адамға арналған нұсқаулықты;
- үйде өзін-өзі оқшаулау қамтамасыз етілетін үй шаруашылығы мүшелері мен отбасы мүшелеріне арналған нұсқаулықты сақтауға;
- денсаулық жағдайын өзін-өзі бақылауды, оның ішінде мүмкіндігінше мобильді қосымша көмегімен жүргізуге;

- вирустық инфекция симптомдары болған, дене температурасы көтерілген, ентигу немесе жөтел болған жағдайда – жедел медициналық жәрдем қызметіне тез арада жүгінуге;

- маска режимін және бір-бірінен кемінде 1,5-2 метр элеуметтік қашықтықты сақтауға міндетті.

Үйде оқшаулау қағидаларын бұзу анықталған жағдайда уәкілетті органдар жұмыс берушіге ақпарат ұсынады.

### **3. Вахталық кентке кіру тәртібі**

Кәсіпорын басшылары ЖСН (резидент еместерді қоспағанда), нақты тұратын мекенжайын, байланыс деректерін (мобильді телефон нөмірі) және жұмыскер тіркелген медициналық ұйымды көрсете отырып, вахтадан шығуға тиісті вахта жұмыскерлерінің тізімін жасайды.

Вахта жұмыскерлері бойынша жоғарыда көрсетілген қандай да бір ақпараттың болмауы ЖШ-ның көрсетілген тізімдерді жұмысқа қабылдамауы үшін негіз болып табылмайды.

Вахтаға кіру алдында 5 күнтізбелік күн бұрын тізімдер мен сауалнамалар ЖШ-ның электрондық мекенжайына беріледі.

Жұмыскерлердің шығуы жоспарланған ЖШ жұмыскерлердің тізімдері мен сауалнамаларын Кәсіпорын орналасқан жердегі ЖШ-ның электрондық мекенжайына жібереді.

Вахталық ауысымға шығуды жоспарлаған жұмыскер үйде өзін-өзі оқшаулау аяқталғаннан кейін (вахтаға шығуға дейін 5 күн бұрын) жұмыс берушінің есебінен бақылау тексеруден (тексеру, көрсетілімдер бойынша құрал-саймандық және зертханалық зерттеулер), сондай-ақ вахтаға шыққанға дейін бес күн бұрын COVID-19-ға зертханалық тексеруден өтеді.

Бір облыста тұратындар үшін жұмыс беруші жұмыскерлерді бір медициналық мекемеде (зертханада) тестілеуді ұйымдастыруға құқылы, тестілеу мерзімін жұмыс беруші айқындайды.

Тестілеу пункттері болмаған кезде анықтамасы жоқ жұмыскерді тарту туралы шешімді жұмыс беруші қабылдайды.

Медициналық мекеме тексеру кезінде COVID-19 белгілерінің жоқтығы туралы анықтама береді.

COVID-19-ға зертханалық тексерудің оң нәтижелері және COVID-19 симптомдарын жоққа шығармайтын клиникалық белгілер болған жағдайда мемлекеттік органдар мен ұйымдар COVID-19 жағдайлары анықталған кезде іс-шараларды жүргізу тәртібінде көзделген іс-шараларды орындауға кіріседі. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар жұмыс берушіні COVID-19 жағдайлары туралы хабардар етеді.

Кәсіпорын басшылары вахталық кентке кіретін жұмыскерлерді орталықтандырылған жеткізуді өз есебінен ұйымдастырады.

Жұмыскерлер жұмыс орындарына санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған кезде қызметтік көлікпен жеткізіледі, көлік жолаушылар арасында кемінде 1 метр қашықтық қамтамасыз етілетіндей етіп толтырылады, көліктегі жолаушылар маска киюі тиіс.

Жұмыскерлерді жеткізу қамтамасыз етілетін көлік құралы жолаушылар түсірілгенге дейін дезинфекцияланады, дезинфекциялауды мамандандырылған ұйымдар не жұмыс берушінің күштерімен жүргізеді.

Тасымалдаушы көлік құралының салонына дезинфекция жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті. Салонды өңдеу қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте жолаушыларды отырғызу алдында және түсіргеннен кейін міндетті түрде дезинфекциялау жүргізу міндетті.

Кәсіпорынның бақылау-өткізу пунктінде күзет жұмыскері вахтаға кіретін адамдарда COVID-19 белгілерінің жоқтығы туралы медициналық анықтаманың болуын тексереді.

Қызметкерлер вахтаға келгеннен кейін Кәсіпорынның медицина қызметкерлері жұмыскерлерді жинауды және жалпы жай-күйін орталықтандырылған тексеруді жүргізеді, COVID-19 белгілерінің жоқтығы туралы анықтамалардың түпнұсқаларының болуын тексереді.

Кәсіпорын басшылары дене температурасы жоғары және COVID-19 белгілері бар адамдарды жұмыс орнында болудан міндетті түрде шеттете отырып, вахталық кентке кіре берісте ауысым алдында және ауысымнан кейін жұмыскерлердің дене температурасын бақылауды қамтамасыз етеді.

Жұмыскерлердің вахталық кентке кіретін жерлерінде – қолды осы мақсаттарға арналған тері антисептиктерімен (оның ішінде орнатылған дозаторлар көмегімен) немесе дезинфекциялау сулықтарымен өңдеу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі және осы гигиеналық рәсімнің сақталуын бақылауды белгілейді.

Жұмыскерлердің қозғалысы шектеледі, вахталық қалашықтан шығуға және өндірістік қажеттіліксіз жақын орналасқан елді мекендерге баруға тыйым салынады. Объектілердің аумағында қозғалыстар шектеледі: әкімшілік үй-жайларға тиісті деңгейдегі рұқсаты бар қызметкерлер ғана кіруі тиіс.

Жұмыста болмау себептерін анықтай отырып, жұмысқа шығуға күнделікті мониторинг жүргізу қамтамасыз етіледі, ЖРВИ, тұмау және басқа да вирустық ауруларға ерекше көңіл бөлінеді.

Қызметкерлерге қорғаныш құралдары уақтылы берілуі, оның ішінде санитайзерлерге қолжетімділік қамтамасыз етілуі қажет.

Вахталық кентте карантин жарияланған жағдайда жұмыскерлерге вахталық кенттің карантиндік аймағына кіруге тыйым салынады.

Кәсіпорындардың басшылары мен жұмыскерлері осы қосымшаға сәйкес Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілерде, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорындарда санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар алгоритмінің қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы алгоритм типтік болып табылады, бұл ретте аумақтың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері өңірдің аумағында және өндіріс объектілерінде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, қосымша шаралар қабылдауға құқылы.

---